

*КЕШ ЕРЕСЕК
ШАҚТЫҢ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
СИПАТЫ*

ЖОСПАРЫ:

- ✓ *Кеш ересек шақтың қазіргі кездегі жайы.*
- ✓ *Қарттық шақтың дене аспектілері.*
- ✓ *Қартаю себептері және теориялары.*
- ✓ *Қарт адамда когнитивті өзгерістер.*


КЕШ ЕРЕСЕК ШАҚТЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАЙЫ

Халықаралық классификация бойынша қарттық кезең 60 жастан басталады. Қарттық кезең – адамның өмірлік цикл жүйесіне ерекше рөл атқаратын кезең ретінде қарастырылады. Бұл кезең жеке тұлға дамуының нәтижесін қорытындылау кезеңі және ол ұрпақтармен уақыт байланысын қамтамасыз етеді. Тек қарттық позиция арқылы ғана өткен және келер ұрпаққа өмірді бір бүтін ретінде, оның мәні мен мағынасын толық түсіндіруге болады.



Физикалық денсаулығының төмендігі қарапайым материалдық жағдайда өзінің кәрілігіне сабырлы қарым-қатынаста болады. Кәрі адамдардың мінез-құлқындағы әртүрлілік олардың бір түрдегі ситуацияға әр түрлі қарым-қатынасы, олардың индивидуалды ерекшелігіне байланысты. Сонымен қатар кәрі адамдардың тұлғасы көптеген өзгерістерге ұшырайды, өзінің индивидуалды ерекшеліктерін сақтап қалады. Кәрілік шақта ешқандай жеке бастық өзгерістер болмайды. Жеке адамның әлеуметтік қасиеттері жоғалмайды. Осы жеке адамның қандай мінездік қырлары оның қартаюға бейімделуіне көмектеседі десек, жеке адамның белсенділігі, шығармашылық іс-әрекеті маңызды жағдай болып табылады. Белсенді және өнімді өмір сүретін адамдар ешқашанда өз-өзін жоғалтпайды. Керісінше ойлауы және эмоционалды қасиеттері сақталады, тек физикалық күші әлсірейді.


ҚАРТТЫҚ ШАҚТЫҢ ДЕНЕ АСПЕКТІЛЕРІ





Ағзалық денесінде қартаю белгілері әр түрлі құрылым деңгейлерде байқалады:

Ас қорыту жүйесінде мынадай өзгерістер байқалады – тістер босап, қаусап түсе бастайды, ас қорыту сөлдерінің бөлінуі азаяды. Ішкі секреция бездерінің қызметінде де айтарлықтай өзгерістер байқалады – кейбір бездердің қызметі төмендеп гормондарды аз мөлшерде бөліп шығарады, мысалы жыныс бездері, қалқанша безі, бүйрек үсті безі т.с. с, ал кейбіреулерінің қызметі керісінше жоғарылайды, мысалы гипофиз. Жүйке жасушаларының көбейе алмайтындығы ескерсек, жас ұлғайған сайын олардың саны бірте – бірте азаятындығы өздігінен – ақ түсінікті.





Қарттық кезеңде – дене мүшелері өз функцияларын бәсеңдетеді. Бұл кезеңге тән: дене қажып, күш-қуат кемігенмен сана мен сезім сергектігі. Есте сақтау, көру ұсақ моторика қызметтерінің әлсіреуі. Төңірекке жіті көзқарас, ойға берілу. Байсалдылық, пайымдылық, шүкіршілік. Қарттық нормасының физиологиясы мен медицинадағы ортақ мағынасы адамның организмнің, оның мүшелері мен функцияларының бірдейлік қоршаған орта шартында оптимальды өмір қызметін қамтамасыз етуші. Организмнің структуралық және функционалдық нормасы – оның жалпы денсаулықты қамтамасыз ететін тұрақты-резистенттілігі, жұмысқа қабілеттілігі, адаптацияға қабілеттілігі және ұзақ өмір сүруді белсенді сақтауы

ҚАРТАЮ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛАРЫ

Американдық психологтар қартаюдың мынадай
типтерін көрсетеді:

регрессия;

қашу немесе тұрақты өмір сүру орнын өзгерту, қиын
жағдайдан құтылу формасы ретінде;

ерікті изоляция, қоғамдық өмірге енжар араласу;

өзіне деген қоршаған орта адамдарының қызығушылығын
тудыруға тырысу;

қоғамдық өмірге деген қосылуға тырысу, жасына, денсаулық
күтінуіне қарамау;

ҚАРТАЮ ТҮРЛЕРІ:

Физиологиялық қартаю	Психологиялық қартаю
<p>Денсаулық жағдайы, ағзаның соматикалық ауытқулар жиынтығы. Біріншіден, Физиологиялық қартаю процесі көп жағдайда жеке мәнге ие болады және бір ғана қарттық жаста бір адамдар дені сау, қарт болмауы мүмкін, екіншілерінің денсаулық жағдайы нашар болуы мүмкін. Екіншіден, тек бір адамның ғана түрлі мүшелері, тіпті бір мүше құрылымы бір уақытта және бірдей дәрежеде ескірмеуі мүмкін</p>	<p>адам өзін қарт ретінде ұғына бастаған сәтті айтуға болады. Мұнда екі қиыншылық туындайды – біріншіден бұл сезім ерте немесе өте кеш келуі, екіншіден адам өзін психологиялық негізде қарт сезіну арқылы онда тұлғалық өзгерістер байқалуы мүмкін.</p>

Қазіргі таңда психология ғылымында қартаю – ерекше бейімделу процестерін сақтай отырып, ағзаның өзіндік қайта құрылуы ретінде қарастырылады. Бұл кезенді психологияда қарастырған ғалымдар: Э. Эриксон, Д.Б. Бромлей, А. А. Богомолец, Ф. Гизе, И.С. Кон, К. Рошак, П. Балтес, Р. Пек. Қазіргі уақытта қарттық кезенді қарастыру мәселесі туындады, бірақ геронтопсихология – даму психологиясының ең жас саласы.

Э.Эриксонның ойынша кемелденудің негізгі проблемасы өнімділік пен инерттілік арасында таңдау болып табылады. Өнімділік түсінігі шығармашылық және өндірістік (кәсіптік) өнімділікке ие. Кәсіби өнімділік Э.Эриксон бойынша “адам қызығушылығының нәтижесі, идеясы және адамдар туралы” қамқорлық. Кемелденудің маңызды ерекшелігі өзінің және өзгелердің алдында өзінің өмірінің мазмұнына жауапкершілікті сезіну.

ҚАРТАЮ ТЕОРИЯЛАРЫ:

✓ М. Рубнердің (1908) "қуаттық қартаю теориясын" атауға болады. Бұл теория бойынша әрбір ағзаның қуат қоры болады. қуат қоры таусылса, сағаттың пружинасы босағандай, тіршілік те баяулап, дүние салуға алып келеді. Ағзаның қуат қорын жұмсауы дененің сыртқы мөлшеріне тәуелді болады, яғни ағза дене сыртына жылуды қаншалықты көп шығарса, соншалықты энергия алмасуы белсенді түрде болып, оның қоры тез таусылады және ондай ағзалар көп өмір сүрмейді.

✓ И.И. Мечниковтың интоксикациялық (улану) теориясы бойынша қартаю құбылысы тек қана биологиялық факторға - физиологиялық, патологиялық т.с.с. тәуелді болмай, сол сияқты әлеуметтік факторларға да тәуелді болады. И.И. Мечниковтың пайымдауынша ағзаның өсуімен қатар әртүрлі заттардың алмасуы, мысалы азоттың алмасуы нәтижесінде жинақталған ыдырау өнімдері - аммиак, ағзаны улайды, тоқ ішекте шіру өнімдері көптеп жинақталады. Бұл теория бойынша улы ыдырау өнімдері кейбір мүшелер мен ұлпаларды көбірек улайды, мысалы бауыр, ми жасушаларын, ал дәнекер ұлпа жасушалары керісінше көбейеді. И.И. Мечников қартаю құбылысын тек фагацитоз ілімі негізінде түсіндірмек болды. Ол ішекте шіру құбылысын болдырмау үшін шіріту бактерияларының тіршілігіне қолайсыз орта жасау керек, сондықтан сүт өнімдерімен көбірек қоректену кажет деп айтқан.

Белгілі ағылшын психологы В. Генри қарт адамдарды бойларындағы психикалық энергиясы бойынша 3 топқа бөліп қарастырады:

Бірінші	Екінші	Үшінші
<p>өз жұмыс орнында қала отырып қоғам алдында белгілі бір міндеттерді атқаратын, белсенді әрі қуатты болып қала беретін қарттарды жатқызды.</p>	<p>қоғамдық міндеттерді атқармайтын, дегенмен жеке өзінің ісімен (хобби) айналысатын қарттар.</p>	<p>әлсіз психикалық қуатқа ие, қолы бос немесе тек өзін ғана ойлайтын қарттарды жатқызды.</p>

*социолог А. Качкин қарттардың қызығушылық деңгейлеріне
байланысты оларды былайша жіктейді:*


- отбасылық құндылығы басым тип (отбасы игілігін ойлаушы);
- «жалғыздық» типі (өз естеліктері және өзімен-өзі өмір сүруші);
- шығармашылық тип (өз уақытын шығармашылықпен ұйымдастырушы);
- әлеуметтік тип (зейнетте де қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысушы);
- саяси тип (өз өмірін саяси өзгерістермен толықтырушы);
- діни тип;
- сөнүші тип (өмірін жаңа істермен толықтырмаған, бар күшін икемді пайдалана білмеуші);
- аурушаң тип (көп жағдайда ауру емес, тек өздеріне ауру ойлап тауып алушылар)

Қарт адамда когнитивті өзгерістер



Когнитивті өзгерістер

Когнитивная область	Подтип	Описание	Нормальное старение	Деменция
Общая интеллигенция	«Гибкая»	Решение новых задач	↓ 55	↓ ↓
	Кристаллизованная	Знания и оценка	Δ 85	↓
Внимание	Постоянное		↓	↓ ↓
	Селективное		Δ	↓ ↓
Речь	Спонтанная продукция		↓	↓ ↓
	Лексическая	Узнавание слова	Δ	↓ ↓
	Фонологическая	Спеллинг	Δ	↓ ↓
Память	Краткосрочная		Δ	↓ ↓ ↓
	Долгосрочная		Δ / ↓	↓ ↓
Пространственная			↓	↓ ↓
Психомоторная			↓	↓ ↓
Экзекутивная			Δ	↓ ↓ ↓



Деменция — жоғары психикалық функциялардың жете дамымауының не кемуінің салдары болып табылатын кемақылдық. Бастапқы деменция — тұқым қуалаған аурудың, туа біткен зақымдаушы факторлардың немесе баланың өсуінің ең алғашқы кезеңдеріндегі жоқшылықтың салдарынан зияттың жете дамымаушылығы. Екінші деменция — жаттығулардың, эмоциялық қуаттаулардың үнемі әсер етуі себепті психикалық функциялардың сипатына байланысты сенильдік (қарттық), алкогольдік, эпилепсиялық, жарақаттанудан кейін болған және т.б. деменциялар түрлері болады. Деменция — жалпы алғанда зияттылық қабілетінің әлеуметтік және кәсіптік функциялардың қалыпты орындалуы мүмкін болмайтындай болып жоғалуы. Әдетте, когнитивтік процестердің мұндай бұзылулары тұлғаны жеке әлеуметтік өзара әрекеттестік қабілеттерінің бұзылуына ұласады.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Қартаю және ұзақ өмір сүру мәселелері барлық уақытта ғалымдарды ойландырып келген мәселе. Ол әсіресе ХХ ғасырда халық құрамында терең демографиялық өзгерістердің белең алуына байланысты ерекше мәнге ие болып отыр, себебі көптеген экономикалық дамыған елдерде кәрі адамдар саны өсуде. Герантологияның міндеті тек қана адам өмірін ұзарту емес, сол сияқты, кәрі адамдардың қоғамдық өмірге және еңбек катынастарына белсенді араласуына көмектесу, яғни олардың белсенді және толыққанды өмір сүру мүмкіншіліктерін ұзарту болып табылады.

